

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Техникалық жәрдемдесу мен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1301 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Техникалық жәрдемдесу мен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Қайрат Нематұлы Келімбетовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Техникалық жәрдемдесу мен ынтымақтастық туралы негіздемелік келісімге қол қоюға ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ЕУРОПА
ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ АРАСЫНДАҒЫ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘРДЕМДЕСУ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
НЕГІЗДЕМЕЛІК КЕЛІСІМ**

Осы КЕЛІСІМ 2004 жылғы _____ Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Үкімет") мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі - "Банк") арасында жасалды.

ӨЙТКЕНІ

(А) Банк Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы 1990 жылғы 29 мамырдағы және 1991 жылғы 28 наурызда күшіне енген келісім ретінде белгілі (бұдан әрі - "ЕҚДБ туралы келісім") көп жақты шартқа сәйкес құрылған халықаралық қаржы институты болып табылады.

(В) Қазақстан Республикасы Банктің мүшесі және ЕҚДБ туралы келісімнің тарабын білдіретін мемлекет болып табылады.

(С) ЕҚДБ туралы Келісімнің 2(1)(iv)-бабына сәйкес Банк өз функцияларын орындау мақсатында жеке және сол сияқты арнайы инвестициялық бағдарламалар шеңберінде тиісті жобаларды дайындауда, қаржыландыруда және жүзеге асыруда техникалық жәрдем көрсете алады. Банктің әдеттегі және арнайы операциялары табиғатты қорғау бағдарламаларын қоса алғанда, жеке секторды дамыту үшін және нарыққа бағдарланған экономикаға көшу үшін қажетті инфрақұрылымды қайта құру немесе дамыту үшін өзіне техникалық жәрдемді қамтиды. Мұндай түрдегі кез-келген қызмет бұдан әрі "Техникалық жәрдем" деп аталады.

(D) Бұдан басқа, Банк кез-келген мемлекеттік немесе жеке субъектілермен ынтымақтастық туралы келісім жасай алады, олар арқылы Банк техникалық жәрдемді қамтамасыз ету және қаржыландыру үшін (бұдан әрі - "Гранттар қаражаты") осындай субъектілерден алынған гранттар қаражатын алады және оларға билік етеді.

(E) Әдетте Банк үкіметтік министрліктерді, әкімшілік бірліктерді, мемлекеттік және жеке субъектілерді қоса алғанда, банктің ағымдағы немесе ықтимал клиенттерінің мүддесінде техникалық жәрдемді қамтамасыз етеді не ұйымдастырады. Бұдан басқа, Техникалық жәрдем Банктің өз мүддесіне де жүзеге асырылуы мүмкін. Пайда табушы немесе Техникалық жәрдем алушы тұлға, бұдан әрі "Бенефициарий" деп аталады. Егер, Банктен басқа қандай да бір мемлекеттік немесе жеке субъект Бенефициарий болып табылса, Бенефициарий бұдан әрі "Банктік емес Бенефициарий" деп аталатын болады.

(F) Техникалық жәрдемдесу техникалық жәрдемдесу жобалары (бұдан әрі - ТЖ жобалары) арқылы жүзеге асырылады, оның шеңберінде техникалық тапсырма немесе жұмыстар көлемі айқындалады, нақты техникалық тапсырма мен жұмыстар көлемін орындау үшін консультанттар тартылады. Мұндай консультанттардың жұмысы Банктің әдеттегі негізгі ресурстары есебінен не Банктің арнайы қорларының ресурстары (бұдан әрі - "Банк ресурстары") есебінен, не Гранттар қаражаты есебінен қаржыландырылады. ТЖ жобаларын Банк жалдаған консультанттар немесе Банктік емес бенефициар жалдаған консультанттар орындауы мүмкін.

(G) Банк, ара-тұра, Банк қаржыландыратын инвестицияларға байланысты тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін Гранттар қаражатының әкімшісі әрі басқарушысы ретінде де бола береді. Банктік емес бенефициарий пайдасына тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу үшін Гранттар қаражатын беру бұдан әрі "Гранттар қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыру" деп аталатын болады.

(H) Қазақстан Республиканың Салық кодексінен рұқсат берілген осымен көрсетілгеніндей салық салудан босатуға рұқсат беруді қоса алғанда, кез-келген салық салудан босатуларға қосымша Банк пен Үкімет Техникалық жәрдем көрсетуге және Гранттар қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыруға ықпал ету үшін шарттар мен ережелердің жалпы шектерін белгілеуді қалайды.

Тараптар мына төмендегілер туралы келісті:

I БАП

ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ

1.01 Банк пен Үкімет мыналар туралы:

(а) Банк ресурстары есебінен Банк тікелей ішінара немесе толығымен немесе Гранттар қаражатын басқарушы әрі әкімшісі ретінде қаржыландырылатын Техникалық жәрдемдесу және ТЖ жобалары, сондай-ақ

(б) Гранттар қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыру осы Келісімнің шарттары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы келісті.

1.02 Кіріспе осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.03 Күнделікті практикада "техникалық жәрдемдесу" "техникалық ынтымақтастық" деп те аталады және де осы терминдер өз мағыналары бойынша тең және бірін-бірі алмастырады. Тиісінше осы Келісімде пайдаланылатын "Техникалық жәрдемдесу" термині өзіне техникалық ынтымақтастықты да қамтиды. Техникалық жәрдемдесу сонымен бірге мыналарды:

(а) Консультанттар беретін консультациялық қызметтердің барлық түрлерін;

(б) сатып алынуы Банкті қанағаттандырушылық тәртіппен жүзеге асырылатын жабдықтар мен материалдарды;

(с) тренингтер, теоретикалық және практикалық семинарлар, конференциялар және басқа да осындай іс-шараларды;

(д) сыртқы көздерден басқа техникалық жәрдем етумен қоса қаржыландыру; сондай-ақ

(е) Техникалық жәрдемге қосу үшін Үкіметпен және Банкпен келісілген жәрдемдесудің кез-келген түрлерін қамтиды.

1.04 Егер Бенефициар Банктен өзгеше субъект болып табылатын болса, Банк мұндай Бенефициармен келісім жасасады, онда гранттар қаражаты есебінен Техникалық жәрдемдесу немесе бірлесіп қаржыландыру (бұдан әрі - "Грант туралы келісім") берілетін шарттар мен ережелер көрсетіледі. Грант туралы бір келісім гранттар қаражаты есебінен Техникалық жәрдемдесуді де, Бірлесе қаржыландыруды да көздей алады.

II БАП

ТЖ ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

2.01 ТЖ жобаларын Консультанттар орындайды. Осы келісімде пайдаланылатын "Консультанттар" термині жеке тұлғалардан немесе консультациялық фирмалардан, компаниялардан тұратын жекелеген тәуелсіз сарапшыларды, консультациялық фирмаларды немесе компанияларды, консорциумдарды қоса алғанда, жеке және заңды тұлғаларды білдіреді және: (i) халықаралық және жергілікті консультанттарды, (ii)

консультанттардың қосалқы мердігерлері және агенттері болып табылатын жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ (iii) заңды тұлғалардың сарапшыларын, қызметкерлерін және персоналын қамтиды. Консультанттарды консультациялық қызметтерді көрсетуге арналған келісімдер (бұдан әрі - "Консультациялық келісім") бойынша Банк не Банктік е м е с б е н е ф и ц и а р ж а л д а й д ы .

2.02 Консультанттарға арналған техникалық тапсырмалар тиісті Консультанттық келісімдерде көрсетіледі. Мұндай техникалық тапсырмалардың мазмұны Консультациялық келісімнің талаптарына сәйкес жазбаша келісім жасау жолымен өзгертілуі мүмкін.

III БАП

САЛЫҚ САЛУДАН БОСАТУ

3.01 Гранттар қаражаты есебінен Техникалық жәрдем көрсету немесе Бірлесіп қаржыландыру барысында пайдаланылатын және Банк ресурстары немесе Гранттар қаражаты есебінен қаржыландырылатын барлық импортталатын және жергілікті материалдар, жабдықтар, жұмыстар және қызметтер, консультациялық қызметтерді қоса алғанда, салықтың барлық түрлерінен (ҚҚС қоса алғанда, тікелей немесе жанама), кедендік баждардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасында немесе оның аумағында алынатын басқа да алымдар мен міндетті төлемдерден босатылады.

3.02 3.03-тармағын ескере отырып, барлық түсімдер, табыс немесе Техникалық жәрдем көрсеткен Консультанттар тартқан шығыстардың орнын толтыру, Банк Ресурстары немесе Гранттар қаражаты есебінен осындай түсімдер, табыс немесе орнын толтыру қандай деңгейде қаржыландырылатын болса, Қазақстан Республикасында немесе оның аумағында салынатын барлық салықтар мен басқа да алымдардан және міндетті төлемдерден сондай деңгейде босатылады.

3.03 3.02-тармағында көзделген босатылу Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қандай да бір басқа себептерге байланысты Қазақстан Республикасының аумағында табыс салығын төлеуге міндетті Қазақстан Республикасының азаматтарына таралмайды.

3.04 Бүкіл Техникалық жәрдемдесу шеңберінде көрсетілетін қызметтің құны, сондай-ақ барлық Гранттар қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыру құны, Қазақстанда немесе оның аумағында салынатын табыс және корпоративтік салықтарынан босатылады, осындай Техникалық жәрдем етуден немесе Грант қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландырудан тікелей немесе жанама пайда таба алатын Бенефициарийдің салық салынатын пайдасы немесе салық салынатын табысы болып табылмайды және саналмауы тиіс.

IV БАП

КОНСУЛЬТАНТТАРДЫҢ ИММУНИТЕТТЕРІ, АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БОСАТУЛАРЫ

4.01 Егер де Банк осындай иммунитеттерден, артықшылықтар мен босатулардан бас тартпаса, Консультанттарға, ешқандай шектеусіз және 3.02-тармағын ескере отырып, олардың жеке немесе заңды тұлғалар болып табылатындықтарына қарамастан, Банктің тапсырмасын орындайтын сарапшылар мәртебесі беріледі және оларға осындай сарапшылар үшін ЕҚДБ туралы келісімнің ережелерінде көзделген барлық иммунитеттер, артықшылықтар мен босатулар таралады, атап айтқанда:

(a) Консультанттар (егер де олар Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса), Қазақстан Республикасында шетелдіктерді және әскери қызметтің міндеттемелерін тіркеу бойынша иммиграциялық шектеулерге, талаптарға қатысты осындай иммунитеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Банк қызметкерлеріне беретін валюталық реттеу бөлігіндегі осындай жеңілдіктерді пайдаланады;

(b) Консультанттар Қазақстан Республикасы Банк қызметкерлеріне беретін орын ауыстыруға қатысты сондай режимді пайдаланады;

V БАП

БАСҚА ДА ЖАҒДАЙЛАР

5.01 Тараптар арасындағы қатынастар мақсатында осы Келісім, оны Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін күшіне енеді.

5.02 Үкімет осы Келісімге Бенефициарлар мен Консультанттар жүгіне алатындай, Қазақстан Республикасында ол күшіне енуі үшін, оны бекіту жөнінде барлық мемлекетішілік рәсімдерді орындайды.

5.03 Осы Келісім Үкімет пен Банк жазбаша нысанда тиісті құжатқа қол қою арқылы ө з г е р т і л у і м ү м к і н .

5.04 Осы Келісім екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

5.05 Осы Келісімнің ережелерінің ешқайсысы да Банкке ЕҚДБ туралы Келісіммен, халықаралық конвенциялармен немесе қолданыстағы құқықпен берілген қандай да бір иммунитеттерді, артықшылықтарды немесе босатуларды шектемейді және шектеуші ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАНДАРДЫ РАСТАУ ҮШІН осы Келісімге Тараптардың тиісті өкілдері қол қойды.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін:*

*Еуропа Қайта Құру және Даму
Банкі үшін:*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК